

Каз2  
435

Мүтәллап КАНГОЖИН  
*Көкорай шалғын*

4

21571

Форма № 11

**КОНТРОЛЬНЫЙ ЛИСТОК  
СРОКОВ ВОЗВРАТА**

Книга должна быть возвращена не  
позднее указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

1628--9000 000

МУТӘЛЛАП ҚАНҒОЖИН

*Көкорай шалғын*

ӨЛЕҢДЕР



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

Алматы — 1979

ББК 83. 3Каз  
К35

63

X 10403-140 92-79 4702023020  
402(07)79

© «Жазушы» - 1979

021511

## РОССИЯ

Ұлылығыңа,  
Даналығыңа,  
Мақтанам сенің, Русім,  
Саралығыңа,  
Даралығыңа,  
Шаттанам сенін, Русім.  
Ақ маңдайыңнан,  
Ақ таңдарыңнан,  
Бақыт — самал еседі.  
Ақ қалаңнан,  
Ақ далаңнан,  
Ақ жал толқын көшеді.  
Көшеді дүйім,  
Дүние күйін,  
Тыңдатып Сарыарқама.  
Сан ұғыстарын,  
Сағыныштарын  
Маржандай тізіп алқама.  
Ауылымыз,  
Қауымымыз,  
Сіцисіп кеткен қашаңнан.  
Қанымыз да,

Жанымыз да,  
Бір қайнардан бас алған.  
О, Россия,  
О, Россия —  
Октябрьдің отты әні,  
Сұлудасың,  
Шымырдасың,  
Ұлы Адамның Отаны.  
Елім десем,  
Жерім десем  
Қекейімде тұрасың,  
Ақ жауынмен  
Ақ қайынмен  
Жанарымда тұнасың.

## **АРМЫСЫҢ, МАЙЫМ!**

Армысың, Майым — кекте күн,  
Жеттің бе қызыл гүл ұстап.  
Алтын нұрын көктемнің  
Шашу қып шашып уыстал.

Ару Майым, ақ құсым,  
Жеттің бе қанат талдырып.  
Сылқылдан күліп, бақ құшып,  
Жүректі баурап, жандырып.

Кеп күткен Майым — мерекем,  
Жеттің бе бізді сағынып.  
Шараңда тасып берекен,  
Сәулеге жүзің шағылып.

Арайлы Майым, мәқтаным,  
Жеттің бе жайлы, сабырмен.  
Сурып қырдың ақ таңын,  
Еңбектің үні — дабылмен.

Жұмысшы Майым, наз әнім,  
Жеттің бе жерді жайнатып.  
Бесжылдықтың қазанын  
От жігермен қайнатып.

## **КӨКТЕМ ЖЫРЫ**

**Көктем, көктем  
Келеді шашып нұрын.  
Әсемдіктің  
Әлемге ашып сырын.  
Жүректерді  
Тербетіп сыйбызы әнмен,  
Сезімдердің  
Қытықтап, басып қылын.**

**Көктем, көктем,  
Ленин көктемі бұл,  
Ерлігімді  
Жырлаған көкте бұлбұл.  
Әрлігіме  
Құлімдеп биікте күн,  
Бай далама  
Толассыз текті нұр — гүл.**

**Алау көктем,  
Дүрлетіп бар аймақты,  
Құлдіріпті,  
Гүлдентіп сырнай бақты.  
Асыл көктем  
Съездер сарайынан,  
Аққу болып  
Қанатын сабай қақты.**

**Жасыл көктем  
Жаралған сағыныштан,**

Қуаныштан  
Жүргім алып-ұшқан.  
Москвадан  
Самғаған көктемді бұл —  
Салтанатпен  
Қарсы алып  
Бағым құшқан.

Көктем, көктем!  
Тұым бол көтерілген,  
Жеңісіме  
Салют бол — оты өрілген.  
Кеудесінде  
Адамның жұлдыз боп жан,  
Мәртебесін  
Шаршама көтеруден.

## МҰХТАР ЕСКЕРТКІШІ

Айдын Мұхтар,  
Алып Мұхтар  
Асқар таудан көз алмай  
Тұра қапты  
Ойға шомып  
Тас тұғырда қозғалмай.  
Ақша бүлттар  
Айналшақтап  
Оған қолын созғандай  
Құн күледі,  
Гұл күледі  
Мұхтарға шат болғандай.  
Асқақ тұлға —  
Алып, қыран  
Шыңғыс тауға қонғандай.  
Ұшқыр қиял  
Қанатында ол  
Уақыттан да озғандай.  
Ал төменде  
Дүйім дүние  
Сәл тынымдап қалғандай.  
Мынау шулы  
Тіршіліктің  
Сезбейтіндегі дабылын.  
Мұхтар қазір  
Болашақтың  
Аралап жүр ауылын.  
Жырына арқау етер екен

Қай өлкенің қауымын?  
Ол болашақ  
Абайменен  
Сұхбаттасып, есіліп,  
Әйгерімнің  
Әнін тыңдал  
Көңілін де өсіріп,  
Сұлу Торжан  
Тілдесті ғой  
Оныменен шешіліп...  
Тас тұлға тұр  
Енді ғана  
Сейлейтіндей көсіліп.  
Міне, тағы  
Ұлы ойлардың  
Тарақтарын ашқандай,  
Дәүірімнің  
Дана ұлы  
Дара ұлы асқардай  
Кеменгерлік,  
Кемелді ойың  
Шетсіз-шексіз аспандай,  
Дарыныңмен  
Өнердің зор  
Қазынасын  
Ашқан бай,  
Өзіңменен  
Барады үрпақ  
Болашаққа жасқанбай.

## **САРЫАРҚАМ — ОРДАМ**

**О, менің кербез керілген шабыты шалқар, бай далам,  
Өзім туған босағам, қасиетіңен айналам.**

**Кіндігімді кескенде, топырағыңа қан тамған,  
Құдіретті жер самалын сіміріп келем әр таңнан.**

**Міндептімін далама, борыш көп өтер мен бүгін,  
Алып келе жатырмын көл-көсір оның кеңдігін.**

**Алдыңда алып сен жатсан, көкжиектерге қол артып,  
Мен үшін ұлы мәртебе, бәрінен де сол артық.**

**Төсінде жұрсем, тәбемде асқақтап кетер аспан да,  
Бұлбұл болуға әзірмін, қойнауың шуақ шашқанда.**

## ЖАРАЛЫ ЖАУЫНГЕР

Сөз сөғісіның ардагері Гәккү Мәдиевке  
арналады.

Басы зеңіп,  
Демі кеміп,  
Кеуде қысып қалады.  
Қолы үйип,  
Дене күйіп,  
Жанын қинап барады.  
Жерге еніп,  
Шегеленіп,  
Қалдым ба деп езіліп,  
Шошып алғаш...  
Куанды рас,  
Тірілігін сезініп.  
— О, тіршілік,  
О, тіршілік,  
Адам кимас айдын ба ең?  
От ішінен,  
Оқ ішінен  
Саған құшақ жайдым кен!  
Судай тасып,  
Көзін ашып  
Ақ аспанға ол қарады,  
Кірпіктен жас тамады.  
— Тірімін мен!  
— Тірімін мен!  
Тірімін мен, ақ аспан!  
Жарық дүние!  
Жарық дүние!

Іңкәрім ең о бастан.  
Бір ұлыңмын,  
Бұлбұлыңмын,  
Әуезіне ән қосқан.  
Қолдаушым сен,  
Қорғаушың мен,  
Апат жаудан алжасқан.  
Солдат,  
Солдат —  
Жаралы жан бұл жатқан.  
Ел қорғаушы,  
Жер қорғаушы,  
Қанды тырнақ зұлматтан.  
Каска киіп,  
Шинель киіп  
Келмеген ол өмірге,  
Найза ұстап,  
Мылтық ұстап  
Шығып па еді ол өңірге.  
Шығыстағы,  
Алыстағы  
Ауыл түр көз алдында —  
Тебіреніп  
Аунағандай шалғында.  
Дүркін-дүркін  
Ойлар шіркін,  
Әкетеді жыраққа.  
Қайда жатыр,  
Қайда жатыр,  
Бұл жауынгер бірақ та?

\* \* \*

Сатырлаған,  
Пулеметтер,  
Автоматтар үні өшіп,  
Дала,  
Дала,  
Жатыр бұғін сіресіп.  
Қан сасыған.  
Қоңырсыған,  
Тұтін тыныс алдырмай,  
Төтен,  
Бөтен,  
Үн шығады балдырлай.  
Фашист!  
Фашист!  
Жау қолында қалыптын.  
Онда  
Шын-ақ  
Ішінде екем тамұқтың!  
Ұлым,  
Ұлым  
Демес енді анам да,  
Ұлан!  
Ұлан!  
Демес енді далам да.  
Ауылдастар,  
Бауырластар,  
«Біздің жерлес өрен!» — деп,  
Кыздар

Қыздар  
Суретіме таласпасын көрем деп.  
Талай —  
Талай  
Жаудың қиган желкесін  
Жатыр  
Батыр  
Көтере алмай өр тесін.  
— Майдан дала,  
Қайдан ғана  
Болдым неге тірі өлік?  
Өлілермен  
Өлілермен  
Қалсам еді бірге өліп.  
Қаптап,  
Таптап  
Өліктерді сүйрелеп,  
Иіскелеп,  
Тіміскілеп,  
Бәрілердей ұймелеп.  
Аш иттер —  
Фашистер,  
Тенірекке ұры көзбен қарасып,  
Сынып қалған  
Сирақтардан  
Тартып жатыр  
Етіктерді таласып.  
Қанға батқан  
Жеке жатқан  
Сыңар қол да үзілген

**Жылт-жылт**  
**Жарқыл —**  
**Соған көздер сүзілген!**  
**Жұзік!**  
**Жұзік!**  
**Шұылдады бір-бірінен қызғанып.**  
**Талас!**  
**Тартыс!**  
**Тебелес те қызды анық.**  
— **Өліктерді**  
**Тіміскілеп**  
**Жұрген мына жауыздар,**  
**О, күдірет,**  
**О, күдірет!**  
**Бебекті де бауыздар.**  
**Көрдім бәрін,**  
**Көрдім кәрін**  
**Жыртқыштығын ондайдың**  
**Өмір —**  
**Тәңір!**  
**Қалай оны,**  
**Іші жібіп қолдайды.**  
**Мазагына,**  
**Азабына**  
**Қалай тірі көнейін!**  
**Қайда?**  
**Қайда?**  
**Автоматым,**  
**Атылып-ақ өлейін!**  
**Жан ұшырып**

Автоматқа қасындағы қарманды,  
Ол да бірак,  
Жатқан жырақ!  
Жету де күш, арман-ды,  
Есі ауып,  
Өшті хауіп,  
Шырақ сөніп барады...  
Сәуле,  
Сәулел  
Кірпіктердің арасынан қарады.  
Фашистерің  
Шұылдаған,  
Даусы жарып құмақты,  
Денесіне,  
Жанған шоқты,  
Басыл тұрған сияқты.  
— Шыда,  
Шыда,  
Жаудың қанды найзасына  
Тарланым,  
Көрмей қалсын,  
Сезбей қалсын  
Кеудемде әлсіз жан барын..  
Шырылдама,  
Сырылдама,  
Жаралы жас жүрегім!  
Өзіңсің ғой,  
Өзіңсің ғой  
Жалғыз ғана тірегім!  
Найзаласын!

Найзаласын! —  
Деп жауынгер тістенді.  
Тістенді де —  
Қалды қатып.  
Сезбей сынған тістерді.  
Ала алмассың,  
Таба алмассың  
Мендеңі үлкен намысты.  
Жүрек,  
Жүрек  
Намыспенен ес білгеннен табысты.  
Туған елдің,  
Туған жердің  
Намысымда нәрі бар.  
Кайраты бар  
Айбаты бар  
Жылылығы — бәрі бар.  
Жаулар,  
Жаулар  
Жындандырды сендерді осы  
Пәрменім.  
Мені аттап,  
Мені таптап,  
Өтүге жоқ дәрменің.  
Үнсіз,  
Тілсіз  
Бейне жансыз тас жатыр  
Белін буган,  
Берілмеуге  
Дұшпанына қас батыр.

— Казахстанская областная  
БИБЛИОТЕКА  
— ПЕРВОМАЙСК

021511

\* \* \*

Қілең батыр  
Келе жатыр  
Дүшпанына ақырып,  
Жойқын,  
Толқын  
Жолдағысын жапырып.  
Автоматтар,  
Пулеметтер  
Сөйлеп кетті сатырлап.  
Женілді деп,  
Шегінді деп  
Дәмеленген тобыр жау  
Быт-шыт  
Қашып...  
Құлап жатыр жапырлап.  
Құылды жау,  
Құылды жау  
Осынау бір алаптан  
Құйттай жерде,  
Бостандықтың таңы атқан.  
Намысына,  
Намысына  
Найза бойлай алмаған,  
Батыр,  
Сағын  
Жаулар сындыра алмаған.  
Жатыр,  
Батыр,

**Күшагында достардың.**  
Себебі боп,  
Куаныштың  
Сыңғырлаған тостардың.  
Жігіттікке,  
Өжеттікке.  
Риза боп ел біткен,  
Сусындайды,  
Сыр тыңдайды  
Үрпақ осы ерліктен.  
Ертегідей  
Шертеді жыр  
Әз ағамыз мұны айтып,  
Отты жылдар  
Елестейді  
Тыңдаушысын мұңайтын.  
Жаңа ғана  
Келгендей-ақ  
Зәрлі жауын ойран қып.  
Ерлігімен,  
Өрлігімен  
Қауым жүртты қайран қыш.  
Бүгілмейтін,  
Екі аяқ,  
Сырықтай бір серендең,  
Келеді ол  
Ақ тандарды —  
Әлі талай көрем деп.

## БӘЙТЕРЕК

Ғабит аға! Сіз бәйтерек тамырларын терең жайған,  
Сарыарқаның самалымен жапырағы жүзін шайған.

Жапырактар, жапырактар жыр оқиды — сазды дастан  
Құлақ түре тыңдайды әлем, қажымастан, қалғымастан.

Орнектейді дала сырның, даласының ақ таңдарын,  
Ол бүкпесіз жаяды алға қытымыр қыс — ақпандарын.

Даласының алыптығын — алып таулар арқалаған,  
Сұлулығын — көрген жанның құмары эсте тарқамаған.

Уақытпен күш сынасқан, арманы асқар, ақ тілекті,  
Адамдарын ғарышқа асқан, дарқан ойлы, от жүректі.

Хас бәйтерек өскен биік, толғанады ой саралап,  
Ақ Жайықты, Қекшетауды қиялменен жүр аралап.

Құннен шуақ, қырдан нәр ап, түр бәйтерек қиян қарап,  
Сымбатынан жүректерді қытықтайды бір күш тарап.

Тұған жердің бәйтерегі асқарларға ен бойлаған,  
Аман болсын әмәнда деп, ақ жаныммен мың толғанам.

Елден ерек асқақ, алып, бәйтерекке қарайды көп,  
Өзіңменен шаттануға, мақтануға жарайды-ау деп!

## ЖАҚҰТ

Егер кімнің мандайында жанып тұрса жақұттар,  
Төбесіне мықтап қонып, ұялаған бақыт бар.

Жігер оты жанып шалқып, жанарлардан шашылып,  
Аллақ нұрға гүл көміліп, қалар бүрлер ашылып.

Тұн тұнегі сымсырылып, таң құшағын жаяды,  
Төніректе бұлақ ойнап, зәмзәмға жер тояды.

Сол азачының жанарына құштар алып ақ аспан,  
Кыз қылтыкты жүлдіздары, аппақ айы — алдаспан.

Алтын әннен алтын алқа тағынған қыр зырылдап,  
Тәбандының астында оның көрмейді екен тынымдап.

Бұлбұлдар да мығына қонып алып төгілтіп,  
Әң шырхайзы, дүниені тәтті әуенге көмілтіп.

Жүргі от. жаны да от, қаны да оттан өрілген,  
Бұл адамға тау тосқауыл бола алмайды керілген.

Бірге еткізсөң өміріңнің құйтақандай шақтарын,  
Жайтап алтын дер едің сен, өмірдің гүл-бақтарын.

Ақку болып кеттім бе деп таңданар ең, ойлар ең,  
Тылым дүние тереніне шым-шым еніп бойлар ең.

От құшактап, жалын өрген, таныған өз бақытын  
Көздерден тек көрем жанған өмірдің шын жақұтын.

## АУЫЛ ТАҢЫ

Тұратын ерте  
Шопандай сергек, жайдары,  
Күн шықты ерке  
Желбіреп алтын айдары.

Шашылып ақық —  
Құйылып сәүле ақ қарға.  
Ілініп жақұт —  
Қыраулы тылсым бақтарға.

Арудай аунап,  
Ақ мамықтарда шаңқайып.  
Қеріліп, жайнап,  
Ақ дала жатыр шалқайып.

Ауыл да аппак,  
Ақ бөрік киген үйлер де,  
Тұтіндер қалтап,  
Самсаған көкке күйлердей.

Биіктей ұшып,  
Тіршілік сазы ауылдан.  
Аспанды құшып,  
Далама қайта ағылған!

## ДИҚАН ТУРАЛЫ ЖЫР

Диқаның мәртебесі  
Таудай бүгін  
Төбесінде күлімдеп  
Лаулайды күн.  
Даласында сыңсыған  
егін-тоғай  
Сол тоғайдан мың сырлы  
Қаулайды үн.

Тамаша-ақ тым, тыңдасаң  
Тамаша-ақ тым  
Тыныс-демін естисің  
әр масақтың  
Әр дәннің сезім қозғар  
өз әні бар  
Дабылы бар бүгіннің,  
болашактың.

Сұлудың иықтағы  
бұрымындаі  
Үргалды ма масактар  
бұрын мұндай?!

Майысып теңселеді  
сабактары  
Әркайсы жылқышының  
құрығындаі!

Дәулет маршы ойналсын  
жазда есылай

Диқан қарсы алады  
жан досындей,  
Маңдай тері диқанның  
жерден өнген,  
Дәuletке осы  
шаттығы  
Тұр басылмай.

Диқан, жанын, жүргегін  
Тыңдаса Адам  
Үгар ма еді өмірде  
Жұз жасаған?  
Оның жаны сөйлейді  
жер тілінде,  
Жердің тілін ұға алмас  
мың жасаған!

Диқан өскен жер тілін  
тыңдауменен  
Жаттауменен, жер жанын  
баптауменен.  
Топырақтағы жұлдыздар  
сөнбесін деп,  
Бар жылуын берумен  
жатты-ау денең.

Сенің сөздік корыннан  
Таба алмадық  
«Шаршау» деген сөзді іздең  
тамам халық.

Нан тасудың қиыны  
қызығы да,  
Алдыменен ей, диқан,  
саған қанық.

Диқанға күнің де бір  
түнің де бір  
Табаныңның астында  
дүбірлі өңір!  
Дәнді арнамен ағызған  
Ер диқанға  
Қол сок, ел, қуан, дала,  
күлімде, өмір!

## ДИҚАН МОНОЛОГЫ

Астымда қыр кемесі,  
Көкте күн жалқындады.  
Алдымда тулап жатыр  
Дәулеттің толқындары.

Қуанам балаша мен  
Кеудеме сыймай жүрек.  
Диқанмын, еңбекшімін  
Қимылдар жимай білек.

Теніздің тасқынындаï,  
Құлайды бункерге дән,  
Шалқыды, тасыды ырыс —  
Шырқалып іңкәрлі ән.

## ҚАЙРАН БОЛЫП КЕЛЕМІН

Бұлбұлдардың үніне,  
Сарыарқаның гүліне,  
Аспанымның Құніне,  
Қайран болып келемін.

Боталардың көзіне,  
Сұлулардың өзіне,  
Даналардың сөзіне,  
Қайран болып келемін.

Сылдырына құрақтың,  
Сыңғырына бұлақтың,  
Сәулесіне шырақтың,  
Қайран болып келемін.

Сәулетіне қаламның,  
Дәүлетіне даламның,  
Өнеріне адамның,  
Қайран болып келемін.

Қайран ете алам ба,  
Тұған елді, халқымды?  
Осы ойменен алаң ба,  
«Жүрек шіркін» алқынды.

## ЖАНАРЫНДЫ ҚАДАЙ БЕР

Жанарынды жанарыма қадай бер,  
Менің күнгірт көңіліме арай бер.  
Сөйлесінші қара көзің, қалқам-ау,  
Тұсінемін, тіл қатпай-ақ қарай бер.

Естіп тұрмын жүргегіңің дабылын  
Көріп тұрмын жас жаңыңың дауылын.  
Жанарындан ыршып түскен бір сәуле  
Жылтырады арманымның ауылын.

## СЕН ҚҰЛШІ, ЖАНЫМ

Сен құлші, жаным,  
Құле бер  
Құлқінен қоңырау  
Үні ессін.  
Жүрекке көктем  
Гүлі ессін.  
Кеңілдің бұлтты  
Тұні өшсін.  
Сен құлші, жаным,  
Құле бер,  
Құлқінен сәүле  
Шашылсын.  
Сезімдер кілті  
Ашылсын.  
Даң көкірек басылсын.

\* \* \*

Ей, кең өмір,  
Адамдарға бақыт бер.  
Бұрын-соңды дүниеде болмаған  
Өр екпін бер,  
Желдей жүйрік уақыт бер,  
Жарыстарға қажымаған, тоймаған  
Адамдардың тамырында от шапқылап,  
Жанартаудың жалыныңдай жайнасын  
Қабырғаны,  
Кең кеудені соққылап,  
Кияндарға жетелеуін қоймасын.

\* \* \*

Кел-кара бұлт емеспін шақпақ шаққан,  
Нек тіліп, бауырынан жасын аққан.  
Тұтанған жанарында от сөнбейтін  
Тез бүркіті емеспін қызыл баққан.

Шантайған мамық бұлтты жастай қалып,  
Лачалай емеспін мен асқақ, алып.  
Ең скынған, буырқанған толқын емен,  
Шабатын құз шатқалды тастай салып.

Нелер күн, келер дәуір белес-белден,  
Негімде, көңілімде елес берген.  
Шұрекпін арман толы, қуат толы,  
Шаралған жалындаған күрестерден.

\* \* \*

Қызығына құлпырып жыр-өмірдің  
Жетегіне еремін гүл көңілдің.  
Құлдырап бір шапсам ба құлынындай,  
Құлынындай еркे өскен бұл өңірдің.

Зеңгір аспан, биіктік — ұранындай,  
Самғасам ба даланың қыранындай.  
Орман сырын жаңыммен тыңдасам ба  
Сібірдің еркін өскен бұланындай.

Көкке өрлеген екпіндеп жыр қашаң да  
Шырқасам ба, Біржан бол, шырқасам ба?  
Сілкіп-сілкіп алатын аппақ тонын  
Ақпанындай Арқаның бүрқасам ба?

Аяз болып не керек, шатынамай  
Жолдызектің қыстағы салтына орай.  
Жылыштың сезе ме адам деген  
Адам деген әуелі қалтырамай.

## ЖАСТЫҚ-АЙ

Жастық-ай! — десе шал кейде,  
Өткенін еске алғаны-ау.  
Құркіреп тұрган сал кеуде  
Канырап, қаңсып қалған-ау.

Әшпеген бойда құмарлық —  
Козғауын жанды үзбейді.  
Кария өзін шынар ғып  
Шындардан ғана іздейді.

## ГҮЛДЕР

Гүлдер, гүлдер, қып-қызыл боп тұрсындар.  
Мәңгі шырқар, таусылмайтын жырсындар  
Еліктіре, қызықтыраң әркімді,  
О, не деген сендерде күш, тылсым бар!

Гүлдер, гүлдер. Қоктем сайын көреміз,  
Сұлулықтың құшағына енеміз.  
Гүл де өмір, гүл де күн ғой шуакты  
Содан да ма, тамсанумен келеміз.

## ҚОРҚЫНЫШ

Өткел бермес өзеннеи,  
Өтуге бел буасың.  
Жеме-жемде  
кезенген  
Бойынды да жиясың.

Құлағың да шуылдап,  
Қаның тасып кеткендей.  
Жүргегің де суылдап,  
Ажал күшп жеткендей.

Керек екен қорқыныш,  
Жігерінді шақтауға.  
Керек екен қорқыныш,  
Кейде өзінді сақтауға.

\* \* \*

Ағалардың сенімін ақтаймын деп,  
Өзімді қайсарлыққа баптаймын көп.  
Бір ерлік мені күтіп тұрган шығар,  
Далама қалампыр боп қантаймын кеп.

Тәнті ғып мұраттардың аскар шынын,  
Түрен боп қырдың жыртам мақпал шыны  
Мәңгілік арыма дақ түспесін деп,  
Доп қақсан ала өкпе боп, қақпашымын.

## АЗАТ БАТЫР

— Жау қып бара жатыр малымызды,  
Батыр-ау, талапай қып барымызды.  
Сұстү кол тоқтар емес, тайпауга бар  
Калыштап, судай шашып қанымызды.

Зор даусыс жалынғандай болып шыққан,  
Құйылды дүрліктірді күзекте ыққан.  
Шатты аласүртты әлгі даусыс  
Сәлілді өңменіне қанжар сұққан.

• Арыраған көзінен жалын шашып,  
• етірегін ызының зілі басып.  
• Алашын ала салып, көйлекшен-ақ  
• әз конды, көрген бе ол жаудан сасып.

• Таза тасып, кеудеде жүрек тулап,  
• тазағында алапат дауыл шулап.  
• Таза емес, мінгендей ашуына  
• таза шапты — қауындай басын турап.

• Таза деген кетеді ашындырып,  
• таза кайдан күш бере тасындырып.  
• Тесті шакта келеді-ау адамға ол,  
• таза үшін дүшпанды басындырып...

• Таза намыс батырды ашындырыған,  
• таза тиді ол қырғидай жасыл қырдан.  
• Таза салды дүшпанға өзге ерлер де,  
• таза гана Азат кеп басын құрган.

Атпайды енді бұл жерде қорғалап таң,  
Жүрмейді енді үреймен жорғалап жан.  
Шайқастан соң тыныстап тұрды батыр.  
Тілімденген денеден сорғалап қан.

Тау-тебенің басында жалғыз қалып,  
Сүйеніп тұр наизага нағыз алып.  
Таудың атын қойыпты Азат-тау деп,  
Азатты ар, намыс деп елі танып.

## ҚОЛ ДИІРМЕН

Диірменді зырлатам барым салып,  
Карым талып барады, қарым талып.  
Таусылды ма күшім де, қайратым да —  
Кіра тасқа мәндайдан терім тамып.

Ең айтады, диірмен жыр айтады,  
Аксылдаған көңілді мұңайтады.  
Боздақ үнге қосылам, кейде боздап,  
Ер сарынды ол күніне мың айтады.

• Ешіп кетем балалық шағыма бұл,  
Назарлымын балалық бағыма тұл.  
• Ез болам әкемді ерте әкеткен,  
Десем келіп ажалдың жағына бір.

— «... жетімдік, төбене жасын құлап», —  
Ділчін іштей, көзімнің жасын бұлап.  
— Адандағы ағама әкпелеймін  
Тоғалмаған фашистің басын бұрап.

— Диірмен табандап ауырлайды,  
— Диіретіп қолымды, жауырлайды.  
— Етшап келген сокадан апам байғұс:  
— Үккен ұның аз ғой, — деп дауылдайды.

— Ез әламның емес қой «баксылығы»,  
Ез оның сезімге тапшылығы.  
— Барлығыңа сениң де шүкіршілік  
Алғаның бір көрсеткен жақсылығы.

Деп сүйеді жұзімнен нарттай болған,  
Дауылдаған, моншақтап терге шомған.  
Екеулейміз, зырлатып диірменді  
Тірлік үшін үміт пен арман толған.

## КҮЙ

Сазым эуен шалқығанда,  
күйлігандар,  
Бір жойқын ойнақ салар құйын қанда.  
Ақтарған тылсым сырын тіршіліктің,  
Бұз күйді тыңдаудан жан тыылған ба?!

Несер күй лақылдап кеп ақтарылып,  
Сәбзірсyz тыңдағандай бақтар ұйып.  
Күй тілі түсінікті кәрі-жасқа,  
Шалқыса дейтін: қанат қакты ақ иық.

Еңіс күй, сыйыр-сыйыр сыр айтасың,  
Тебірентіп көнілдерді мұңдайтасың.  
Кемікшіп, касірет құшып тыңдағанды  
Мұсінірді, қуантасың, тыңайтасың.

Шалқыған ағын күймен шың да қалмай,  
Еңінші бол күба жонмен құм да шалғай.  
Еңшілті болшакпен тілдеседі  
Алғашқы кейде өздерін тыңдағандай.

Алғашқы жанымда да араласқан,  
Өзінші езім тәнір деймін анау бастан.  
Ол шаған сыр айтады таңғажайып  
Түзде ұйыктап жатқаным қарамастан.

Бірнеші кытыктайды, тербетеді,  
Біншіле арманымды өрлетеді.

Өз жаным өзімдікі болмай кейде  
Қияңқы күй мені бір ер де етеді.

Заула күй кемеріңнен тасып, шалқып,  
Жұғірген жылғаменен мыстай балқып.  
Есіме түсірдің-ау жастығымды  
Махаббат толқынында жүрген қалқып.

Ғашықтық отына алғаш күйгенімді,  
Әкелдің көңіліме сүйгенімді.  
Сүлуды көз алдында көлендеткен  
Айналым, құдіретті күй көңілді.

Қос ішек баяу ғана қағылғанда,  
Жанарада бір ақ сәуле жағылғанда.  
Керме иық, дала жатты шыққа оранып  
Омырауға ақық моншақ тағынғандай.

Сыбырлап ақ қайыңның жапырағы,  
Сыр тыңдал Жөлдызектің атырабы —  
Ақ гүлдер, қызыл гүлдер жайлаудағы  
Кез тартып, қызықтырып шақырады.

Сөйле, күй, шешен сөзден жаңылсын да.  
Құрмеліп тілі, тауы шагылсын да.  
Сөзбенен жеткізе алмас сезім оты,  
Домбыра шанағында жағылсын да.

Қоңыр күй, сені естимін бар алаптан,  
Желден де орман кезіп бара жатқан.

Адамның сөзінен де, құс үнінен  
Аңнан да қырда күшік аралатқан.

Естімін наизағайдан жарқылдаған,  
Сазыңды ақ бұлақтан сарқылмаған.  
Тек қана сенің үнің мылтықта жоқ  
Бей уақта, көл үстінде шаңқылдаған.

## ДИҚАН

(Баллада)

Құз еді майда шуак, самал ескең,  
Аспанда бүйра бұлттар баяу көшкен  
Қайықдар тағынғандай алтын шолпы  
Есілдің кемеріне тізіле ескең.

Алып қыр қайтадан бір жаралғандай  
Түрленіп, әсем оқа оранғандай.  
Майысып, толықсиды ару егін  
Самалмен таңнан тұрып тарағандай.

Қайысып жасыл жоны қырат белдің,  
Дән ескең — берекесі мұратты елдің  
Ол — жанған бақ шолпаны, мәртебесі  
Еңбеккер, диқан деген қуатты ердің.

Алтын дән көкте күнмен шағылғандай.  
Маржаннан далам алқа тағынғандай.  
Береке белден болғай, — деді диқан,  
Қөптен бір молшылықты сағынғандай.

Сағынған сыңыраған дәннің әнін,  
Сағынған отқа көмген нанның дәмін.  
Диқандай ешкім біліп, сезінбейді  
Киелі, қасиетті нанның мәнін.

Жетерлік өзі түгіл әuletіне,  
Карт диқан қуанулы дәулетіне.

Бидайды қолындағы қызықтады,  
Разы боп, қасиетіне, сәuletіне.

Бидайды тіске салып,  
дәмін татып,  
Қарт жүрген қиял ойға мұлде батып.  
Шошынды тосын шыққан жат дауыстан  
Күркіреп жерді жарған дабылдатып.

Көргенде ол салттыларды анталаған,  
Көздері қызыл шоқтай қанталаған.  
Жүргегі бір сұмдықты сезсе-дағы,  
Білмеді ол жау екенін ел талаған.

Күл етіп жау Отырап,  
Сығанақты,  
Қазақтың қаны Сырға жылап акты.  
Бейбіт ел, бейхабар жүрт мойынына  
Шыңғыс хан мықтап салған бұғалықты.

Киінген сыптығырдай, елден ерек,  
Салттылар кәрін төккен тіл де бөлек.  
Қыл шашақ, қанды саға найзаларын,  
Ликанға жаулар түрді бірден кезеп.

Бірдейі аттан түсіп, шакпақ шағып,  
Етінді жоқ қылмақшы отқа жағып,  
Нек түтін... Қызыл жалын даланы алды,  
Далданын жүзін лебі шалқи қағып.

Қарт диқан бойын тез-ақ жинап алды,  
Бидайды бұрынғыдай тіске салды,  
Өзімен өзі болып, дәмдеп дәнді,  
Меніреу жандай болып үнсіз қалды.

Кеудеде ала құйын ыза қайнап,  
Қарт тұрды қайта-қайта бидай шайнап.  
— Мал мынау, адам емес, шөп жеке тұрган,  
Жоқтауын асырайын жатсын жайрап, —

Деді де бір қарақшы екіленіп,  
Қылышпен қартты шапты екі бөліп.  
Маңдай тер, ақ арманы — ақ бидайды  
Уыстал қысқан күйі жатты ол өліп.

Уақыт сан жылдарды сабылдырып,  
Өтіпті-ау талай жанды бағындырып.  
Арқадан боран өткен, дауыл өткен  
Қәрімен тіршілікті табындырып.

Ызыңды желмен қырда құмдар көшіп,  
Ескі жол, ескі іздер қалған өшіп.  
Мерт болған қарт диқанның уысынан  
Ақ дәндер көктемеде көктейді өсіп.

## ҚАРЫМТА

Жұрт жоқтап қапыда өткен қайран атты,  
Әр жакта ел бұлбұлы сайрап жатты.  
Ішегі домбыраның сыңсып жылап,  
Әншілер «Күлагерге» байбайлattы.

*I. Жансүгіров*

Ел кайтты мүн аркалап Ерейменнен,  
Мастанып Батыраш жүр мереіге енген.  
Ер Ақан еніреді де жүріп кетті,  
Көштессып керейтегі кедейдермен.

Дана ғлам — еркетайы Сырымбеттің  
Негізі жуып жасы нұрын беттің.  
Саржарка сап-сары ала мұңға батты  
Сүм тәғдір бақытына қырын кеп тым.

Бәрі де апанында бұғып қалып,  
Шеп шалмай, су да ішпей бұғы қанып.  
Кызыш құс нәрестедей шырылдайды,  
Құндіз-түн шаршау білмей жағы талып.

Даланы мүң жайлаган, зар жайлаган,  
Тесінде алыс-құлес жын қайнаған.  
Желбіреп зұлымдықтың қара туы,  
Шындықты шығармластай шырмаулаған.

Өткемдік, декірлікті Арқадары  
Құркіреп айтумен бұлт тарқамады.  
Астагы ат елімін, Ақан мүңин,  
Толассыз сыңсытуда қалқа-дағы.

Ат га еді. Батыраштан ажап талқан?  
Ат па еді, бар жүректі кан жылатқан?  
Ат па еді, өлімімен дүниені  
Тірі өлік халге әкеліп қансыратқан?

Құлагер дүлдүл еді қазақ үшін,  
Талайлар әлі жырғып жазары шын.  
Тұлпары Сарыарқаның, сардаланың  
Танытқан өлгендеге де аза күшін.

Егіліп жел жылады, ел де боздап,  
Тұлпардың өлімі ақ жанды қозғап.  
Жоқтаған шығар бұлай қазақ халқы  
Өткенде дүниеден не бір боздақ.

Кан тұнған жанарына жалмауыз жан  
Батыраш қарғыс алды бар қауымнан.  
Ұшқан құс, жүгірген аң — бәрі кекті,  
Бәрі өш, айнымайды ол қас жауынан.

Астан соң өтті талай алуан күндер,  
Мұңғызған зерделі елде қалған сұлдер.  
Қүңіреніп Ақан салған зарға батып,  
Құрмеліп тұрғандай бір шешен тілдер.

Батыраш Құлагердің қанын жүктеп,  
Бәйгісін қан аралас алған бүктеп.  
Тасынып «ерлігіне» жатты ол үйде  
Сабадан сар қымызды ішіп күттеп.

Бал қымыз маужыратып, бойын алып,  
Ештеңе келтірген жоқ ойына анық.  
Мысық мұрт, теке сақал Батырашты,  
Тәл-тәтті үйқы кетті қойнына алып...

ТҮС

Ышқына кісінеген жылқы даусы  
Естілді, келді ме бір апат-жауши?  
Желіні дертіп келген бие шығар,  
— Қатын-ай, алдынан шық, тездеп сауши.

Батыраш қатынына әмір беріп,  
Түсінде отыр үйде дырау өріп.  
Бір дүбір көп дүбір боп естілді анық  
Жау шығар келген мың сан соңына еріп.

Шын састы, қорқып қалды, қалбалақтап,  
Жабықтан қарады ол көзі алақтап.  
Жау да емес, бие де емес, үй сыртында  
— Құлагер, ойбай,— деді ол бір қарап қап.

Көзіне көзі түсіп бойы мұздап,  
Жүзіне тасып шықты ашу сыздап.  
— Япыр-ая, тірі ме еді, мынау доныз,  
Мен қалай өлтірмегем басын мыждал.

Десе де қалш-қалш етіп батырсымақ  
Батыраш естен танды, жатыр сұлап.  
Құлагер басында түр ес жиғанда,  
Тіл бітіп, оған қойды ақыр сұрақ.

Жер тарпып, кісінеді, көзі жайнап,  
— Сен неге мені соқтың, ызаң қайнап.  
Ненді алдым маған балта сілтегендей,  
Өлтіре ала алдың ба, сорлы бейбак?

Мен өлмен, өлтіремін сені таптап,  
Еш пенде жыламайды сені жоқтап.  
Сен сүркай заманыңың бүйісін,  
Ініңен шығып жүрген болғанда аттап.

Батыраш жатты есін жинай алмай,  
Жын алмай, оның жаңын құдай алмай.  
Құлагер тарпыды оның маңдайынан,  
Залымның қылышына шыдай алмай...

Батыраш үйқысынан шошып тұрып,  
Ербенде, қасындағы қатынды ұрып,  
— Өлтірді, өлтірді, — деп қараңғы үйде  
Кашып жүр, өкіріп жүр дымы құрып.

Батыраш соғылмаған зат қалмады,  
Кираған дүние де жоқталмады.  
Катыны ойбайлап кеп жабысса да,  
Үрейлі азғын оған тоқталмады.

Көгеріп басы-көзі, арандады,  
Жаралы денеден қан тарамдады.  
Ас-судың ішінде жүр басып-таптап,  
Арам жан адал асты арамдады.

Есікті арқандаған баспен қойып,  
Далаға шықты, иығын тақтай сойып.  
Қан-жоса үсті-басы, алым-жұлым,  
Жынданып кетті ол қырға қара жойып.

Еңкілдеп, еңреуге шамасы жок,  
Қашпауга үрей қуған шарасы жок.  
Борсандал бір құлайды, бір тұрады,  
Сыздайды, күйдіреді — жарасы шоқ.

Соңынаи қалмайтындай сойқан дүбір,  
Алқынып, паналады ол ойпанды бір.  
Дем бітіп, талмаусырап, терге беккен,  
Батыраш күбірлейді «илхамды» құр.

— Uh, өлдім, — деп шұқырға ол бұға берді,  
Қекейіне тек оның дұға енді.  
Қараңы тұн қойнынан толған Ай да  
Бейшара жаңға күліп шыға келді.

Жұмындал жұлдыз біткен аспандады  
Байғұз да мазақтаудан жасқанбады.  
Бір кезде «Кұлагер» деп жылқышының  
Шырқаған қырда әні аспандады.

Зарлы әнде ашу, ыза қайнап тасып,  
Көмейден төгіледі қабаттасып.  
Жанынды шымырлатып, жүрек шымшып,  
Қайралған кек туғандай айбат шашып.

Аспанға өрлей берді әуен қалқып,  
Шырқаушы, тыңдаушы да бірдей балқып.  
Боздақ ән Батырашқа жалышдай бол,  
Күйдірді жүрек-жанын оттай шарпып.

Коярға жан таппады Батыраш шал,  
Даттады ой менен қыр, адыр тас, тал.  
Төгіллті ән, қой құзеткен қыз-келіншек,  
Ол-дағы оқ бол тиіп жатыр, бас дал.

Қөгерген бет-аузы, көзі іскен,  
Езуі жырым, сынып, тісі түскен.  
Батыраш өзіне өзі ұқсамайды,  
Мақұлық айырылған пішін-түстен.

Ақанның мұң-зарлы үні құлағын жеп,  
Зор дүбір соңына ерген Құлагер бол,  
Еңбектей үйіне еніп Батыраш шал,  
Қан қатқан сақал-мұртын жұлады кеп.

Жолы тар зұлымдықтың әрі шолақ,  
Берері: қорлық, үрей — бәрі сол-ақ.  
Залымды көлеңкесі қуып жүрер,  
Сезбеген әуелде оны кәрі шұнақ.

## МАЗМУНЫ

Россия . . . . .	3
Армысын, Майым!	5
Коктем жыры . . . . .	6
Мұхтар ескерткіші . . . . .	8
Сарыарқам — ордам . . . . .	10
Жаралы жауынгер . . . . .	11
Бейтерек . . . . .	20
Жакут . . . . .	21
Аүыл таңы . . . . .	22
Дикан туралы жыр . . . . .	23
Дикан монологы . . . . .	26
Найран болып келемін . . . . .	27
Фанарыңды қадай бер . . . . .	28
Ден күлші, жаным . . . . .	29
«Ей, кен өмір...» . . . . .	30
«Неп-кара бұлт емеспін...» . . . . .	31
«Нұзығына құлпырып...» . . . . .	32
«Естік-ай . . . . .	33

Гүлдер . . . . .	34
Корқыныш . . . . .	35
«Ағалардың сенімін ақтаймын деп...»	36
Азат батыр . . . . .	37
Кол діірмен . . . . .	39
Күй . . . . .	41
Диқан ( <i>баллада</i> ) . . . . .	44
Қарымта . . . . .	47

---

# **Қанғожин Муталлап**

## **ЗЕЛЕНЫЙ ОСТРОВ**

### *Стихи*

(На казахском языке)

Редактор *Е. Багаев*

Худож. редактор *К. Зульпикаров*

Техн. редактор *Н. Сайфуллина*

Художник *А. Ахатбакиев*

Корректор *Н. Дербисалина.*

**ИБ № 1263**

Сдано в набор 29.06.79. Подписано к печати 03.09.79. УГ14636.  
Формат 60×90 $\frac{1}{32}$ . Бум. тип. № 2. Литературная гарнитура.  
Высокая печать. Печ. л. 1,75. Уч.-изд. л. 1,56. Тираж 6000 экз.  
Заказ № 4225. Цена 15 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской  
ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,  
г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммунистический, 105.

Полиграфия оперативной и билетно-бланочной продукции произ-  
водственного объединения полиграфических предприятий «КИ-  
ПО» Государственного комитета Казахской ССР по делам  
издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата,  
т. К. Маркса, 15/1.

**Қанғожин Мұтәллап.**

**К 35** Көкорай шалғын.— Алматы: Жазушы, 1979.—  
56 бет.

Мұтәллап Қанғожин — оқушы қауымға бұдан бұрын  
екі жинақ үсынған автор.

Ақынның бұл кітабына соңғы жылдары әр алуас  
тақырыпта жазған өлең-жырлары енгізіліп отыр.

ББК 83. ЗКаз  
Каз2

X 10403—140  
402(07)79—92—79 4702023020

(C) «Жазушы» — 1979